



Шығыс – Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай- қорығы

- Құрылу тарихы
- 1. Мектептік
- 2. Халықтық
- 3. Филиал
- 4. Облыстық
- 5. Мұражай-қорық

Мектептік

Мұражай 1968 жылы
Бутаковоселосындағы сегізжылдық
мектеп жанында ашылған болатын.
Мұражайда көненің көздері – өлкенің
тарихы мен тұрмысын айқындайтын
бірегей бұйымдар жиналған еді.



Халықтық

1971 жылғы 7 мамырда еңбекшілер депутаттары Лениногор қалалық Кеңесінің атқару комитеті «Бутаково халықтық мұражайын ұйымдастыру туралы» № 150 шешім қабылдады. Халықтық этнографиялық мұражайдың директоры болып Н. А.Зайцев тағайындалды. Лениногор қалалық тарихи-өлкетану мұражайына қолда бар жәдігерлерді жүйеге келтіріп, мемлекеттік сақтауға алу туралы тапсырыс берілді. Үлбі кенттік Кеңесінің атқаркомы 1971 жылғы 1 тамызға дейін мұражайды орналастыруға үйжай бөлу керек болды.



Филиал

1972 жылғы қаңтар айында Қазақ КСР Мәдениет министрлігі Лениногор тарихи-өлкетану мұражайына ғылыми қызметкердің бюджеттік бірлігін Бутаково мұражайында пайдаланылсын деген тапсырмамен бөлді. Бутаково мұражайы Лениногор мұражайының филиалына айналды. Мұражайдың бірінші ғылыми қызметкері Бутаково мектебінің бұрынғы оқушысы Тоня Полторанина болып табылды.



Облыстық

Этнографиялық мұражайында ШҚО-ның бірқатар орыс селоларындағы ескідәстүршіл тұрғындардың материалдық және рухани ескерткіштерінің жиналғанын, сондай-ақ олардың бірегей болып табылатынын тарих ғылымдарының докторлары С.С.Черников пен А.А.Каприелов мойындаған болатын. Ленинградта этнография мәселелері бойынша 1972 жылы өткен халықаралық симпозиум, сондай-ақ 1975 жылы КСРО Ғылымдар Академиясы этнография институтының аға ғылыми қызметкері, ғылымдар докторы Урицкого А.А.Лебедевтің басқаруындағы экспедициясы олардың пікірлерін қуаттаған еді. Осыларды ескере отырып еңбекшілер депутаттарының Лениногор қалалық атқару комитеті 1976 жылғы 19 наурызда «Лениногор тарихи-өлкетану мұражайының Бутаково филиалын ашық аспан астындағы Бутаково этнографиялық мұражайы етіп қайта құру туралы» шешім қабылдады..



Мұражай-қорық

2005 жылы Шығыс Қазақстан облыстық этнографиялық мұражайы мұражай-қорық мәртебесіне, көпсалалы мекеме мәртебесіне ие болды, өйткені ол этнографиялық мұражайдың аясынан шығып кеткен еді: мұражай қызметінің салалық және тақырыптық диапазоны (бұл әрі тарих, әрі табиғат, әрі сәулет) кеңейген болатын. Сонымен қатар, мұражай қарамағына зообақ, екі саябақ берілді, онда мұражайдың ашық аспан астындағы экспозициясы ашылды және реконструкцияланған саябақтардың аумақтарында табиғи-ландшафтық аймақтар құрылды, оларға өсімдіктердің сирек және мәдени түрлері енген болатын. Нарықтық қатынастарға көшудің өзі Жастармұражайдың ұсынатын қызметтерінің аясын кеңейтуді талап етті. Мұражай «қарым-қатынас кеңістігі» мен қазіргі заманғы бос уақыт орнына айналды. Мұражай бағдарының «этнографиялықтан» «көпбағдарлыққа» ауысуына байланысты нағыз атқарылатын шаруа жағдайы нақтылана түсті.



Ғимараттар:

- Әкімшілік корпусы (Головков көшесі, 29).
- Мұражай-қорықтың М.Горький көшесі, 59 бойынша ғимараты
- Мұражай-қорықтың Қ.Қайсенов көшесі, 67 бойынша ғимараты

Әкімшілік корпусы (Головков көшесі, 29).

Ғимаратта орналасқандар: «Ленинград суретшілерінің сыйлары» экспозициясы, мультимедиялық кинотеатр мен компьютер залынан тұратын «Ауани мұражай» ақпараттық-білім орталығы, қызметкерлердің кабинеттері.

Тарих және сәулет ескерткіші

Бұрынғы қалалық бастауыш училищесінің ғимараты.

1881 жылы салынған.

Жоғарғы қабатында қалалық училище орналасқан (оған қазіргі Головков көшесінен енген). Төменгі қабатында қыздардың бастауыш училищесі орналасқан (оған «Жастар» саябағы жағынан енген).

1912 жылы атауы жоғары қалалық бастауыш училищесі деп өзгертілген. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ғимарат жалпы білім беретін мектеп ретінде пайдаланылған. Ұлы Отан соғысы жылдарында ғимаратта госпиталь орналасқан. Соғыстан кейін – жұмысшы жастар мектебі, балалар көркемөнер мектебі

Мұражай-қорықтың М.Горький көшесі, 59 бойынша ғимараты

Ғимаратта орналасқандар: «Шығыс Қазақстан қазақтарының ХІХ ғасыр соңы – ХХ ғасыр басындағы этнографиялық мұрасы» экспозициясы, қазақ этнографиясы және ШҚО халықтары мен азсанды этнотоптар этнографиясы бөлімдері, галерея.

Тарих және сәулет ескерткіші.

Қала басшысының көмекшісі, көпес И.М. Кожевниковтың бұрынғы шыны, фаянс және басқа да ыдыс-аяқ сататын дүкені. 1914 жылы салынған. Кеңес өкіметі кезінде ғимаратта «Алтай» мейрамханасы орын тепкен.

Мұражай-қорықтың Қ.Қайсенов көшесі, 67 бойынша ғимараты

Ғимаратта орналасқандар: «Біз – Қазақстан халқымыз», ғылыми-ағарту және көпшілік жұмыс бөлімі.

Тарих және сәулет ескерткіші.

Бұрынғы Мариин әйелдер училищесі. 1901 жылы салынған. Ғимаратта Луначарский атындағы II деңгейдегі мектеп орналасқан. Кейіннен мұнда Киров атындағы қыздар мектебі, аурухана орын тепкен.


Біз практика барысында не үйрендік және немен тасныстық?



Мұражай қызметімен және мақсат, міндеттерімен таныстық



Экскурсоводтардың міндеттері және этикасы туралы мағұлмат алдық



Экскурсияны жүргізу барысымен таныстық



Өзіміз экскурсия жүргізіп үйрендік

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

